# QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ | WWW.FARABI.UNIVERSITY | №38 (2040) 19 ҚАЗАН 2026 ЖЫЛ


25 қазан – Республика күні

# Мемлекетіміздің іргетасы қаланған күн

**Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, қызметкерлері мен білім алушы жастар!**

Сіздерді ұлттық мереке – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

25 қазан – еліміздің егемендік жолындағы тарихи қадамын айғақтайтын, мемлекеттілігіміздің іргетасы қаланған басты мереке.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Республика күні – елдігімізді еске түсіретін, мемлекеттілігіміздің негізін бекітетін аса маңызды тарихи күн. Біз егемендігімізді көздің қарашығындай сақтап, қасиетті Отанымызды өркендету үшін аянбай еңбек етуіміз керек», – деп атап өтті.

Президентіміз бұл мейрамның жаңа мазмұнда атап өтілуіне ерекше мән беріп, оның негізгі мақсаты – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, бірлікті сақтау және «Адал азамат» идеясы арқылы Әділетті Қазақстанды құру екенін баса айтып келеді. Мемлекет басшысының бастамасымен бұл күні күллі ел болып көк байрағымызды ұлықтау мақсатында барлық өңірде Мемлекеттік Туды көтерудің салтанатты рәсімін өткізу игі дәстүрге айналды. Бұл – халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді паш ететін айрықша сәт.

Бүгінгі таңда еліміз салиқалы саясаттың арқасында сапалы жаңа кезеңге қадам басты. Бұл жолдың басты темірқазығы – қоғамдағы «Заң мен тәртіп» қағидаты және әрбір азаматтың санасында жаңғырған «Адал азамат» концепциясы. Әділетті қоғамда адал еңбек, білім мен ғылым, жоғары мәдениет пен жауапкершілік әрдайым басты орында тұруға міндетті.

**Қадірлі университет қауымы!**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті осы стратегиялық міндеттерді жүзеге асыруда әрдайым көшбасшы болуға тиіс. Біз заманауи ғылымды дамытып, жасанды интеллект дәуіріне лайықты білікті кадрлар даярлау арқылы Отанымыздың өркендеуіне сүбелі үлес қосып келеміз. Бұл – мемлекетіміздің сенімді тірегі болуға ұмтылған біздің ортақ парызымыз.

Алдымызда елдігімізді нығайту, білім мен ғылымды биік белеске көтеру жолында атқарар ауқымды міндеттер тұр. Осы игі істерде бірлік, татулық және отаншылдық сезімі әрдайым басты тірегіміз болғай!

Баршаңызға мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге толағай табыс тілеймін!

Еліміздің іргесі берік, тәуелсіздігі баянды, болашағымыз жарқын болсын!

**Құрметпен,**
**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**



# Бельгия университеттерімен келісімге қол қойылды

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті әлемдік рейтингтерде алдыңғы қатардағы Бельгияның жетекші жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.**

Келісімдерге Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев және Бельгиялықтар Королі Филипп пен патшайым Матильданың қатысуымен өткен Қазақстан-Бельгия ректорларының форумында қол жеткізілді.

Тиісті құжатқа Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев пен Гент, Лувен және Монс университеттерінің басшылығы қол қойды.

Келісім аясында ҚазҰУ мен Гент университеті лингвистика саласында оқытушылар мен студенттер алмасуды, сондай-ақ докторантура деңгейінде қосдипломды білім беру бағдарламасын іске қосуды жоспарлап отыр.

Гент университеті QS World University Rankings 2027 халықаралық рейтингінде 150-орынға, ал ARWU 2026 рейтингінде 98-орынға ие. 11 факультетті біріктіретін көпсалалы зерттеу университетінде гуманитарлық, жаратылыстану және әлеуметтік ғылымдар, құқық, экономика, медицина, инженерия, сәулет, биоинженерия, фармация, ветеринария, психология және педагогика салалары бойынша мамандар даярланады.

Лувен және Монс университеттерімен жасалған меморандумда «Эразмус+» бағдарламасы арқылы оқытушылар мен студенттердің академиялық ұтқырлығын қамтамасыз ету, олардың білім алуы мен кәсіби біліктілігін арттыру көзделген.

Сонымен қатар алдағы уақытта Лувен университетінің ғалымдары ҚазҰУ докторанттарына ғылыми жетекшілік жасайды деп жоспарлануда.

Айта кетейік, Лувен университеті QS World University Rankings 2027 рейтингінде 196-орынға ие болса, Монс университеті әлемдегі үздік 850 жоғары оқу орнының қатарына кіреді.

**Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ**











2-бет Түркі ғылыми интеграциясы сарапталды



3-бет Медицина саласындағы мәселелер талқыланды



4-бет Мемлекет құру жолындағы тарихи қадам



# Қазақ ғылымының қара шаңырағы

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының 80 жылдығына арналған салтанатты жиынға қатысты.**



Шараға мемлекеттік органдар мен шетелдік ғылым академияларының басшылары, академия мүшелері, отандық және шетелдік ғалымдар, қоғам қайраткерлері, бизнес қауымдастығының өкілдері, жоғары оқу орындарының ректорлары, жас зерттеушілер жиналды.

Салтанатты жиынды ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек ашып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық ғылым академиясының 80 жылдығына арналған арнайы құттықтау хатын оқып берді. Президент өз құттықтауында Қаныш Сәтбаев негізін қалаған академияның отандық ғылымды дамытудағы тарихи рөліне тоқталып, оның еліміздің индустриялық, экономикалық және зияткерлік әлеуетін нығайтуға қосқан елеулі үлесін атап өткен.

Ал өз сөзінде Саясат Нұрбек ғылымның елдің зияткерлік әлеуетін арттырудағы, экономиканы жаңғыртудағы және технологиялық тәуелсіздікті нығайтудағы стратегиялық маңызын ерекше атады.

Іс-шарада ҚР ҰҒА президенті Ақылбек Күрішбаев академияның жаңа мәртебесі аясында атқарылған жұмыстар мен алдағы стратегиялық міндеттерді таныстырды. Ақылбек Қажығұлұлының айтуынша, қазіргі кезеңдегі басты мақсат – ғылымды жекелеген зерттеулер жиынтығынан ел экономикасының нақты қажеттіліктеріне жауап беретін, ғылыми нәтижелерді өндіріске енгізуге бағытталған біртұтас жүйеге айналдыру.





Салтанатты жиын барысында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Жансейіт Түймебаев отандық ғылымның дамуына елеулі үлес қосқаны үшін «Қаныш Сәтбаев» медалімен марапатталды.

Алғаш рет табысталып отырған марапат бірқатар академиктер мен профессорларға берілді.



# Түркі ғылыми интеграциясы сарапталды

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Түркі әлемі ұлттық академиялар одағы Бас ассамблеясының тоғызыншы отырысына қатысып, баяндама жасады.**

ҚР Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясының 80 жылдық мерейтойы аясында өткен шараға Халықаралық түркі академиясының вице-президенті Асхат Кесікбаев, ҚР Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаев, Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Қырғызстан ғылым академияларының президенттері, бақылаушы ретінде Моңғолия, Татарстан, Башқұртстан ғылым академияларының басшылары жиналды.

Жиында аталған академия өкілдері дала өркениетін, Алтын Орда мен Жошы ұлысын бірлесіп зерттеу жөніндегі консорциумға қол қойды. Бұл қатысушы елдердің қолжазба қорларын, ғылыми мектептері мен зерттеу инфрақұрылымын ортақ ғылыми міндеттер төңірегінде біріктіруге бағытталған. Консорциум аясында тарихи деректерді зерттеу, бірлескен археологиялық экспедициялар ұйымдастыру, ортақ цифрлық платформа қалыптастыру және академиялық басылымдар дайындау бойынша нақты жобалар әзірленеді.

Іс-шарада Асхат Кесікбаев Халықаралық түркі академиясының президенті Шаһин Мұстафаевтың құттықтау хатын оқып берді. Хатта түркі мемлекеттері арасындағы ғылыми ынтымақтастықты дамыту, ғалымдардың өзара тәжірибе алмасуын кеңейту мәселелерінің маңыздылығы атап өтілді.

Шара барысында Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Қырғызстан, Қазақстан ғылым академияларының президенттері сөз сөйлеп, академияның атқарған жұмыс нәтижелерін таныстырды.



Өз кезегінде ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаев «Түркітану ғылымы: тарихи тамырлар, қазіргі үдерістер және интеграциялық парадигмалары» тақырыбында баяндама жасады. Ректор өз сөзінде Жошы ұлысы мен Алтын Орданың тарихи сабақтастығына назар аударып, олардың Еуразия кеңістігіндегі мемлекеттілік пен өркениет тарихындағы орнына тоқталды.

«Тарихи-саяси тұрғыдан алғанда, Жошы ұлысы мен Алтын Орда біртұтас мемлекеттік эволюциясының екі маңызды кезеңі. Жошы ұлысы – мемлекеттігіміздің бастауы, Алтын Орда – сол мемлекеттің өркениеттік биігі. Жошы ұлысының ыдырау нәтижесінде пайда балған Ақ Орда, Ноғай ордасы, Қазан, Қырым, Сібір хандықтары және кейіннен Қазақ хандығы осы ұлы империяның тікелей саяси және мәдени мұрагері», – деді ректор.

Жиында ҚР Ұлттық ғылым академиясы консорциум аясындағы ынтымақтастықты іске асыру үшін 2027-2031 жылдарға арналған ортақ жол картасын ұсынды.

**Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ**

# Өзара ынтымақтастықты дамытуға ынталы

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне арнайы келген Өзбекстан, Моңғолия, Қырғызстан, Әзірбайжан және Түркия ғылым академияларының президенттері оқу ордасының ғалымдарымен кездесті.**



Жүздесуге сондай-ақ Халықаралық түркі академиясының вице-президенті Асхат Кесікбаев, оқытушы-профессорлық құрам мен жас зерттеушілер қатысты.

Шараны ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ашып, түркі әлемі Ғылым академияларының басшыларына ризашылығын білдірді. Өз сөзінде ректор ҚазҰУ-да түркі халықтарының ортақ тарихи және мәдени мұрасын зерттеуге ерекше мән берілетінін атап өтті.

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да түркология ғылымын дамытуға арналған халықаралық конференциялар мен семинарлар жүйелі түрде ұйымдастырылып келеді. Жуырда университет қабырғасында Баку құрылтайының 100 жылдығына арналған халықаралық симпозиум өтті. Бүгінде түркі мемлекеттері арасындағы ғылыми ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтеру аса маңызды. Осы ретте ортақ ғылыми мақсаттарды айқындап, бірлескен зерттеулерді үйлестіретін арнайы ғалымдар тобын құру қажет деп санаймын», – деді ректор.

Сөз соңында оқу ордасының басшысы түркі әлемі Ғылым академияларының президенттерін «Фараби» алтын медалімен марапаттады.

Өз кезегінде Түркия ғылым академиясының президенті Шекер Музаффер ҚазҰУ-дың ғылыми әлеуетін жоғары бағалады.

«Түркі әлемі Ғылым академияларының мақсаты бір. Сондықтан баршамыз бірігіп, ортақ құндылықтарды сақтай отырып, әріптестік байланысты тереңдетуіміз қажет. Қазір жаңа технологияның дәуірі. Сондықтан жасанды интеллект саласындағы серіктестігімізді арттыру керек», – деді Шекер Музаффер.

Кездесу барысында Әзірбайжан, Қырғызстан, Өзбекстан және Моңғолия ғылым академияларының басшылары сөз сөйлеп, ғылыми байланыстарды нығайтуға және өзара ынтымақтастықты дамытуға дайын екендіктерін білдірді.

# Швейцария университеттерімен байланыс нығаяды

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Швейцария Конфедерациясының Қазақстан мен Тәжікстандағы төтенше және өкілетті елшісі Кристина Хонеггер-Золотухинмен кездесті.**



Жүздесуде тараптар білім және ғылым салаларындағы ынтымақтастықты тереңдету мәселелерін талқылап, швейцариялық жоғары оқу орындарымен әріптестік байланыстарды кеңейтуге басымдық берілді.

Университет басшысы ҚазҰУ-дың халықаралық жетістіктері мен ғылыми әлеуетін таныстырды. Қазіргі уақытта ҚазҰУ Швейцарияның үш жоғары оқу орнымен әріптестік орнатқан. Аталған байланысты одан әрі нығайту және жаңа бірлескен жобаларды жүзеге асыру жөнінде нақты ұсыныстар білдірді.

Өз кезегінде елші Кристина Хонеггер-Золотухин ҚазҰУ бастамаларына жоғары баға берді. «ҚазҰУ-дың халықаралық ынтымақтастықты дамытуға бағытталған бастамалары жоғары әлеуетке ие. Әсіресе су дипломатиясы, бірлескен ғылыми зерттеулер және академиялық алмасу бағыттарындағы әріптестікті кеңейтуге мүмкіндік мол. Елшілік алдағы уақытта да өзара тиімді жобаларды жүзеге асыруға қолдау көрсетуге дайын», – деп атап өтті.

Келіссөз нәтижесінде қос тарап арнайы жұмыс жоспары аясында бірлескен жобаларды үйлесімді жүзеге асыруға уағдаласты.

# Медицина саласындағы мәселелер талқыланды

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев оқу ордасына арнайы жұмыс сапарымен келген ҚР денсаулық сақтау министрінің бірінші орынбасары Тимур Сұлтанғазиев бастаған делегациямен кездесті.**



Жүздесуде тараптар медицина саласындағы әріптестік байланысты нығайту мәселесін талқылады. Бұған қосымша, қатысушылар медициналық білім беру мен практикалық денсаулық сақтау саласының өзара ықпалдастығын арттырудың маңыздылығын атап өтті.

Оқу ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев университет базасындағы медицина және денсаулық сақтау факультетінің негізгі қызметін таныстырып, жетістіктері туралы мәлімет берді. Факультет қысқа мерзім ішінде халықаралық ғылыми журналдардағы жарияланымдар саны бойынша жоғары нәтиже көрсетті.

Сондай-ақ ректор ҚазҰУ-дың II даму кезеңінің жоспарына сәйкес, университет қалашығында университеттік емхана салу көзделіп отырғанын айтты.

Өз кезегінде ҚР денсаулық сақтау бірінші вице-министрі Тимур Сұлтанғазиев ҚазҰУ-дың медицина кадрларын даярлаудағы үлесін жоғары бағалады. Сондай-ақ ол денсаулық сақтау саласындағы өзекті мәселелерді шешу үшін университеттер мен медициналық ұйымдар арасындағы ынтымақтастықты күшейтудің маңыздылығына тоқталды.

Сапар аясында құрметті қонақтар Дәрілік өсімдіктерді ғылыми-зерттеу орталығы, Суперкомпьютер орталығы және Ми институтының жұмысымен танысып, ғалымдар жүргізіп жатқан инновациялық жобаларды көрді.



# Инновациялық жобалармен таныстық

**Түркия, Әзірбайжан, Қырғызстан, Моңғолия және Өзбекстан ғылым академияларының басшылары Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне арнайы келіп, жоғары оқу орнының озық ғылыми инфрақұрылымы мен инновациялық жобаларымен танысты.**

Мәртебелі делегация құрамында Халықаралық түркі академиясының вице-президенті Асхат Кесікбаев, Түркия ғылым академиясының президенті Шекер Музаффер, Әзірбайжан ұлттық ғылым академиясының президенті Габиббейли Иса Акбар оглы, Қырғыз ұлттық ғылым академиясының президенті Бекмамат Женбаев, Өзбекстан ғылым академиясының бірінші вице-президенті Шамансур Сагидуллаев және Моңғолия ғылым академиясының әлеуметтік ғылымдар жөніндегі вице-президенті Цэгмэд Цэрэндорж бар.

Құрметті қонақтарды ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев қарсы алып, университет базасындағы ғылыми орталықтар мен зертханалардың жұмысы жөнінде кеңінен ақпарат берді.

Түркі әлемінің Ғылым академиялары басшылары алдымен Farabi Hub инновациялық өнімдер мен жоғары технологиялық жобалар орталығына барды. Бұл орталық университеттер және ғылыми институттармен, сондай-ақ инвестор компаниялармен әріптестік байланыс орнатады. Мұнда бірлескен зерттеулер жүргізіліп, жаңа технологиялар әзірленеді. Сонымен қатар мұнда ZTE, Ericson және өзге де шетелдік компаниялардың бөлімшелері жұмыс істейді.

Сондай-ақ қонақтар Қытай мен Германия тарапымен бірлесіп ашылған робототехника орталықтарының мүмкіндіктерін көрді.

Оқу ордасындағы маңызды нысандардың бірі – Орталық Азияда алғаш ашылған Ми институты. Институт нейроғылым, когнитивтік технологиялар және адам миының қызметін зерттеу бағыттарын біріктіреді. Мұнда заманауи диагностика мен талдау әдістері арқылы адамның ойлау, есте сақтау, сөйлеу және мінез-құлық механизмдері зерттеледі. Орталық 3 Тесла магниттік-резонанстық томографымен (МРТ) жабдықталған. Бұл жабдықтың басты ерекшелігі – жасанды интеллект технологияларын қолдануында. Жүйе миды түсіру уақытын айтарлықтай қысқартып, алынған кескіннің сапасын арттырады.

Бұдан бөлек, қонақтар Дәрілік өсімдіктерді ғылыми-зерттеу орталығында өндірілетін фитошайлар мен биологиялық белсенді қоспалардың әзірлену барысын көрді.

Делегация мүшелері география және табиғатты пайдалану факультетіндегі «Қашықтан зондтау технологиялары және оларды қолдану» Қазақстан-Қытай бірлескен зертханасына барып, Орталық Азиядағы ең қуатты саналатын суперкомпьютердің мүмкіндігімен танысты. Қазіргі таңда жоғары технологиялық құрылғының көмегімен түрлі ауқымды ғылыми жобалар жүзеге асырылуда.

Сапар соңында түркі әлемі Ғылым академияларының президенттері университетте атқарылып жатқан ғылыми жобаларға жоғары баға беріп, заманауи зерттеу орталықтарының әлеуетіне үлкен қызығушылық танытты.

# Бірлескен зерттеулер жүзеге асады


**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Үрімжі қаласындағы Қытай ғылым академиясы Синьцзян экология және география институтының ғылыми-зерттеу қызметімен танысты.**

Сапар барысында ҚазҰУ басшысы институттың зертханаларын аралап, ғалымдардың экология мен география саласында жүзеге асырып жатқан жобаларын көрді.

Институт мамандары ғылыми жобалардың негізгі нәтижелерін таныстырып, экологиялық жағдайды анықтау, шөлейттену, су ресурстарын басқару және қоршаған ортаның өзгерістерін бақылау бағытындағы зерттеулер туралы мәлімет берді.

Кездесуде Жансейіт Түймебаев институт басшылығы мен ғалымдарға ҚазҰУ зерттеушілерімен бірлесіп, ғылыми ізденістер жүргізуді ұсынды. ЖОО басшысы университеттің жоғары ғылыми-инфрақұрылымдық әлеуетін атап өтіп, ҚазҰУ базасында Орталық Азиядағы қуатты суперкомпьютер мен Қашықтан зондтау орталығы жұмыс істейтінін жеткізді.

Ректордың айтуынша, аталған орталықтардың мүмкіндіктерін пайдалану бірлескен ғылыми зерттеулердің ауқымын кеңейтіп, экология және география салаларындағы өзекті мәселелерді заманауи технологиялар арқылы зерделеуге жол ашады.



Синьцзян экология және география институтының мамандары ҚазҰУ-мен әріптестік байланысты одан әрі күшейтуге дайын екендіктерін білдірді.

**Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ**

# Мемлекет құру жолындағы тарихи қадам



**Еліміз 25 қазанда ұлттық мереке – Республика күнін атап өтеді. Қазақстанның тәуелсіздігін айшықтайтын осынау маңызды күн тарихи шежіремізде 1990 жылдан бастау алады. 1990 жылы, дәл осы күні Қазақ КСР Мемлекеттік Егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл, негізінен, елдің тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамы болды.**

Осы жылдары Кеңес Одағының экономикасы дағдарысқа тіреліп, іргесі сөгілу алдында тұрғанда көптеген елдерде ұлттық толқулар күшейді. 1990 жылы бірқатар республикалар, ең алдымен, Балтық елдері біржақты түрде өзін-өзі анықтау және тәуелсіз ұлттық мемлекеттерді құру туралы мәлімдеді. Экономикалық реформалардың сәтсіздігі, орталықтың елді дағдарыстан шығара алмауы республикалардың саяси элитасын тығырықтан шығудың өз жолын іздестіруге итермеледі. 1988-90 жылдары Кеңес Одағының құрамына кіретін республикаларда ұлттық қозғалыс күшейіп, Сумгаит, Таулы Қарабах, Вильнюс, Ферғанадағы оқиғалар ұлттық мәселелерді шешудің ешқандай бағыт-бағдары жоқтығын айқындады. Кеңес басшылары ұлт мәселесінің байыбын терең түсінбеді, ұлтаралық қатынастар мен оны шешудің жолдарын нақты көрсетіп бере алмады. Сондықтан бірқатар ұлт республикалары Одақтан бөлініп шығу, өздерінің егемен мемлекет болуы жөніндегі талаптарын қойды. Міне, осының нәтижесінде 1988 жылдың қараша – 1989 жылдың мамыр айлары аралығында Балтық жағалауындағы Эстония, Литва, Латвия республикалары өздерінің егемендігі туралы алғашқы құжаттарын қабылдады. Сөйтіп, олар КСРО құрамынан шығып, жеке тәуелсіз мемлекетке айналды. Осыдан кейін көп кешікпей-ақ, яғни 1989-90 жылдары егемендік туралы декларацияны КСРО-ның басқа республикалары да қабылдады.

КСРО сияқты алып мемлекеттің есеңгірей бастаған тұсында, 1990 жылы 25 қазанда Қазақстан өзінің Мемлекеттік Егемендігі туралы декларация қабылдады. Бас құжатымыз – Егемендік декларациясында елімізде мемлекеттік өкімет билігін алғаш рет заң шығару, атқару және сот билігіне бөлу принципі бойынша жүзеге асыру енгізілді. Декларацияның жаңа одақтық шарт жасасу және Қазақ КСР жаңа Конституциясын қабылдау үшін негіз болып табылатыны туралы арнайы бапта көрсетілді. Егемендік алу Қазақстанда жалпы демократиялық процестердің барысын шапшаңдатты, мұның өзі елдегі болып жатқан оқиғалармен тығыз байланысты еді.

Декларация Қазақ КСР-інің тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негіздерін жариялады. Онда алғаш рет аумақтың тұтастығы, бөлінбейтіндігі мен қол сұғылмаушылығы, халықтар мәдениеті мен олардың тілдерін дамыту, ұлттық бірегейлікті нығайту сияқты мемлекеттілік қағидаттары бекітілді.

Сондай-ақ құжатта саяси-экономикалық және әлеуметтік мәселелерді өз бетінше шешу принципі жарияланды. ҚазКСР өзінің ішкі әскерін, мемлекеттік қауіпсіздік және ішкі істер органдарын құру құқығын алды. Ал Президент мемлекет басшысы, әкімшілік-атқарушы жоғарғы биліктің басшысы болып танылды. Нәтижесінде 2001 жылы 25 қазан мемлекеттік мерекелер тізіміне енгізілді. Алайда кейінірек, 2009 жылы ол мемлекеттік мерекелер тізімінен шығарылды.

Уақыт өте келе, Қазақстан демократиялық институттарды нығайтуды және тұлғаға табынушылықтан бас тартуды көздейтін «Әділетті Қазақстан» бағытын ұстанды. Республика күнін қайта жаңғыртуды жекелеген саяси тұлғаларға емес, мемлекеттің тарихи жолына баса назар аудару әрекеті ретінде қарастырды. Республика күні – ұлттық мереке болып саналды. Бірнеше жылдық үзілістен кейін «Республика күні» қайта жаңғыртылды.

2022 жылы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бұл мерекенің ұлттық мәртебесін қалпына келтірді. Сөйтіп, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылы маусым айында өткен Ұлттық құрылтайдың бірінші отырысында Республика күнін атап өтуді жандандыруды ұсынды. Мемлекет басшысы Республика күні ұлттық мереке ретінде атап өтілуі тиіс дей келе: «Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне бірқатар өзгеріс енгізген жөн. Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан қазанның 25-сі күні жыл сайын Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек. 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның Егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болатын», – деп қадап айтты. Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек.

«Әрине, Тәуелсіздік күнінің бастапқы мәні сақталады. Бұл күн мемлекеттік мереке болып қала береді. Бірақ тәуелсіздік алуға зор үлес қосқан ұлттық батырларымызға тағзым күні ретінде атап өтілуі керек», – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұсынысынан кейін 2022 жылдың қыркүйек айында бұрынғы Парламент Сенаты «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кинематография, мәдениет және мереке мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына түзетулер енгізді. Нәтижесінде 25 қазан – Республика күні – ұлттық мереке, ал 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні – мемлекеттік мереке болып белгіленді.

Осы заңға сәйкес, 25 қазан – ұлттық мереке, Республика күні болып бекітілді. Бұл тарихи және өте маңызды шешім болды. Біздің еліміздің тәуелсіздігі осы күннен басталды. Сондықтан бұл күнді ұлттық мереке ретінде бекіту мемлекеттілік пен егемендік тұрғысынан маңызды қадам болып саналды. Бұл мереке тәуелсіздікті насихаттауға және нығайтуға өз үлесін қосып келеді.

Тәуелсіз мемлекеттің егемен халқы өз президенті мен депутаттарын ел азаматтарының арасынан сайлайды. Дәл осы еркін таңдау құқығы – тәуелсіздік пен егемендікті қорғау жолында еркін халықтарға қозғаушы күш болады. Бұл ұмтылыс халықты ұйыстырып, барлық азаматтарды бостандық, теңдік және тәуелсіздік идеялары мен құндылықтарының төңірегінде біріктіреді. Осылайша Республика күні тәуелсіздік жолындағы бірлік пен ынтымақтастықтың мерекесін бейнелейді.

Еліміздің сыртқы саясатында Қазақстан әлем мойындаған елге айналса, ішкі саясатта Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан» бастамасымен биыл жаңа Конституциямыз қабылданды. Бұрынғы екі палаталы Парламент орнына бір палаталы Құрылтай құрылып, еліміздің жаңа бағыты жанданып, елеулі жетістіктерге жол бастады.

Ұлттық мерекелерді атап өту орталық және жергілікті мемлекеттік органдарда ресми іс-шаралар өткізумен сүйемелденеді. Республика күніне орай, Қазақстанның барлық өңірінде ғылыми конференциялар, концерттер, шығармашылық байқаулар мен спорттық жарыстар, сондай-ақ патриоттық-танымдық және т.б. түрлі шаралар өтеді.

25 қазан Қазақстан тарихында әрдайым маңызды күн болып қала береді.

**Болат САЙЛАН,**
*тарих ғылымының докторы, профессор*




# Ел болашағына қызмет етеміз

**Республика күні – Қазақстан халқы үшін тарихи маңызы ерекше күн. Аталған мереке ел тарихындағы күрделі кезеңдердің бірін еске түсіріп қана қоймай, бүгінгі жетістіктеріміз бен болашаққа деген жауапкершілігімізді бағамдауға мүмкіндік береді.**

Бәріңіз де білесіздер, 1990 жылы 25 қазанда Қазақ КСР-інің Мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл құжат Қазақстанның өз тағдырын өзі айқындауға жасаған маңызды қадамдарының бірі болды. Кейіннен осы тарихи үдеріс еліміздің тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуына жол ашты. Бүгінде Қазақстан – білім мен ғылымды, жас ұрпақтың әлеуетін дамытуға ерекше мән беріп отырған мемлекет. Елдің болашағын қалыптастыратын маңызды орта – жоғары оқу орындары. Себебі университет қабырғасында тек кәсіби білім алып қана қоймай, қоғамға деген көзқарас, азаматтық жауапкершілік және елге қызмет ету ұстанымы қалыптасады.

Осы тұрғыдан алғанда, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің орны ерекше. Қара шаңырақта білім алып жүрген студенттер – еліміздің ертеңгі мамандары мен ғылымға үлес қосатын жас зерттеушілер. Ал ұстаздар мен ғалымдардың еңбегі осы буынның қалыптасуына тікелей ықпал етеді.

Қазіргі студент үшін елге қызмет ету ұғымы тек үлкен жобалармен өлшенбейді. Өз мамандығын жақсы меңгеру, ғылыммен айналысу, іздену, жаңа идея ұсыну, университет пен қоғам өміріне белсене араласу да ел дамуына қосылған үлес. Бүгінгі сапалы білім ертеңгі кәсіби жауапкершілікке негіз болады. Республика күні бізге өткен тарихымызды құрметтеумен қатар, бүгінгі мүмкіндіктерімізді дұрыс пайдаланудың маңызын еске салады. Елдің болашағы әр азаматтың еңбегіне, біліміне және жауапкершілігіне байланысты.

Сондықтан бұл мереке әрқайсымызға Отанға деген құрметті сөзбен ғана емес, нақты іспен көрсету қажеттігін ұғындырады. Білімге ұмтылған студент, өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын маман, ғылымға үлес қосқан жас зерттеуші – барлығы да ел болашағына қызмет етеді.

Республика күні – кешегі мен бүгінді жалғап тұрған, елдік сананы нығайтатын маңызды мереке. Еліміздің тұғыры биік, болашағы жарқын болсын!

**Мөлдір ТІЛЕШОВА,**
**Гүлмира ЕЛТАЙ,**
*Зоология, гистология және цитология кафедрасының аға оқытушылары*

# Тәуелсіздік – қасиетті ұғым



**Республика күні – елдігімізді ұлықтап, ұлттық рухымызды асқақтататын, тәуелсіздігіміздің қадір-қасиетін терең сезіндіретін мереке. Өйткені өз жеріңде еркін өмір сүріп, ана тіліңді, дініңді сақтап, ұлттық салт-дәстүріңді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуден артық қандай бақыт бар?! Бұл – ата-бабаларымыздың сан ғасыр бойы аңсаған асыл арманы, азаттық жолында күрескен ұрпақтардың ұлы мұраты. Тәуелсіздік – аса қасиетті ұғым. Өзіңнің дініңді, тіліңді сақтап, өз алдына ерікті ел болудан артық қандай бақыт керек? Бұл ата-бабаларымыздың сан ғасыр күткен ұлы арманы емес пе?**

Осы сәттен бастап ел өмірінде айтарлықтай өзгерістер бола бастады. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан мемлекеттіліктің негізгі институттарын қалыптастырды. Қарулы Күштер құрылды, шекара белгіленді, 1993 жылы ұлттық валюта – теңге айналымға енгізілді, мемлекеттік рәміздер қабылданды. Екі палаталы кәсіби Парламент қалыптасты. 1995 жылы референдум арқылы қазіргі Конституция қабылданды. Осылайша Қазақстан дипломатиялық қызметі мен ұлттық экономикалық жүйесі бар тәуелсіз мемлекетке айналды.

Тәуелсіздіктен кейінгі маңызды міндеттердің бірі – халықаралық деңгейде мойындалу болды. Белсенді дипломатиялық қызмет нәтижесінде Қазақстан 1992 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болды. 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық етіп, Астана саммитін өткізді, ал 2015 жылы Дүниежүзілік сауда ұйымының 162-ші мүшесі атанды. 2017-18 жылдары БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі болды. 1991 жылғы 29 тамызда Семей ядролық сынақ полигоны жабылып, Қазақстанның халықаралық беделі арта түсті.

Тәуелсіздік кезеңіндегі айтулы табыстардың бірі – экономиканың дамуы. 2025 жылдың қорытындысында Қазақстан экономикасы 6,5 пайызға өсті. Ел Орталық Азиядағы шетелдік капиталды көп тартатын мемлекеттердің біріне айналды. Қазақстанға Еуропалық одақ елдерімен қатар, АҚШ, Қытай, Ресей, Түркия, Жапония және Оңтүстік Корея ірі көлемде инвестиция салды. Сонымен бірге зейнетақы, жәрдемақы, атаулы әлеуметтік көмек және міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі қалыптасты.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан Еуропа мен Азияны байланыстыратын көлік торабына айналып, мұнай-газ және өнеркәсіп салаларын әлемдік нарыққа шығарды. Тәуелсіздік қазақ халқының тарихы мен мәдени мұрасын жаңаша зерделеуге мүмкіндік берді. «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру» бағдарламалары аясында архив материалдары жиналып, ұлттық фольклор мен әдебиет мұралары жарияланды.

Білім мен ғылым салаларының өркендеуі мемлекеттің зияткерлік әлеуетін арттырып, болашаққа бағдарланған қоғам қалыптастырудың маңызды шартына айналды. Тәуелсіздік жылдарында ұлттық білім беру жүйесін жаңғыртуға, жоғары білімнің қолжетімділігін кеңейтуге, халықаралық білім кеңістігімен ықпалдасуға және ғылыми зерттеулерді дамытуға басымдық берілді. Жас ұрпақтың сапалы білім алуына жағдай жасау, білікті мамандар даярлау, ұлттық ғылымның әлеуетін нығайту ел дамуының стратегиялық бағыттарының бірі болды. Өйткені білімді ұрпақ пен дамыған ғылым – мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін арттыратын, оның тұрақты дамуына негіз болатын басты құндылықтар.

Осы ретте Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің орны ерекше. Қазақстанның жетекші жоғары оқу орны – ҚазҰУ елдің білім беру жүйесін дамытуға, ұлттық ғылымның әлеуетін арттыруға және білікті мамандар даярлауға елеулі үлес қосып келеді. Университет ректоры Ж.Түймебаевтың басшылығымен 2024 жылы оқу ордасы 90 жылдық мерейтойын атап өтті. Тоғыз онжылдыққа жуық тарихында университет отандық білім мен ғылымның ірі орталығына айналып, талай буын ғалымдар мен кәсіби мамандарды тәрбиелеп шығарды.

Бүгінде ҚазҰУ классикалық университеттің бай дәстүрлерін сақтай отырып, заманауи зерттеу және инновациялық университет моделіне бағыт алып келеді. Ғылыми зерттеулерді дамыту, білім беру үдерісіне жаңа технологияларды енгізу, халықаралық ынтымақтастықты кеңейту және ғылыми нәтижелерді тәжірибеге енгізу – университет қызметінің басым бағыттары. Бұл бастамалар жоғары білім сапасын арттырып қана қоймай, Қазақстанның халықаралық білім және ғылым кеңістігіндегі орнын нығайтуға да ықпал етеді.

2026 жылғы қабылдау комиссиясының мәліметі бойынша, университетте 30 мыңнан астам білім алушы бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша білім алуда. Бұл – ҚазҰУ-дың ел жастарына сапалы білім беретін ірі академиялық орталық ретіндегі маңызын айқындайтын көрсеткіш. Университеттің басты миссиясы – терең білімді, ғылыми ойлауы қалыптасқан, бәсекеге қабілетті әрі ел болашағына жауапкершілікпен қарайтын мамандар даярлау. Олар бакалавриат, магистратура және докторантура бойынша білім алуда. Білім беру ордасының маңызды бөлігін Әл-Фараби кітапханасы, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы, Ө.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайы, спорт нысандары, жатақханалар, ғылыми-зерттеу және инновациялық орталықтар құрайды.


ҚазҰУ халықаралық білім беру орталығы ретінде де ерекшеленеді. Ресми деректердің бірінде университетте 54 мемлекеттен 2,8 мыңға жуық шетелдік білім алғаны көрсетілген. Олар: Қытай, Үндістан, Оңтүстік Корея, Түркия, Жапония, АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Испания, Италия, Венгрия, Бразилия, Иран, Моңғолия, Вьетнам, Түрікменстан, Өзбекстан, Ресей, Қырғызстан, Тәжікстан және басқа мемлекеттер. Сонымен бірге шетелдерде де ҚазҰУ филиалдары ашылған. Осы игі істердің барлығы да тәуелсіздіктің арқасында қол жеткен табыстар десек, артық айтқандық болмайды. Жоғарыдағы аталған елдерге филология факультетінің студенттері тағылымдамаға барады. Шетелдік профессорлар факультет докторанттарына жетекші болады. Әдебиеттану мамандығында қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде топтар бар.

Университетіміздің халықаралық ғылыми кеңістіктегі беделі мен қалыптасқан академиялық дәстүрлері Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы орнын нығайтуға, отандық ғылымның жетістіктерін халықаралық деңгейде танытуға және еліміздің зияткерлік әлеуетін арттыруға қызмет етеді. Жас ұрпаққа сапалы білім беріп, ғылыми ізденістерге жол ашып, ел дамуына үлес қосатын білікті мамандар мен жаңа буын ғалымдарын қалыптастыруды жалғастыра береді. Өйткені елдің ертеңі – білімді ұрпақтың, озық ғылымның және ұлттық рухы биік қоғамның қолында. Республика күні – азаттықтың қадірін терең сезініп, мемлекеттілігіміздің нығаюына әр салада атқарылып жатқан еңбектің мәнін бағалайтын мереке.

**Зұфар СЕЙІТЖАНҰЛЫ,**
*ф.ғ.д., профессор*

# Ұлттық мүддеге сай мамандар даярлана бастады

**Қазақстанның тәуелсіздікке қол жеткізуі еліміздің барлық саласының, соның ішінде білім беру жүйесінің дамуына жаңа мүмкіндіктер ашты. Егемендік жылдары ұлттық білім беру саясатын қалыптастыруға, отандық жоғары білімнің әлеуетін арттыруға және еліміздің болашағы үшін білікті ұлттық кадрлар даярлауға ерекше назар аударылды.**




Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Экономика және бизнес жоғары мектебі жыл сайын экономика және бизнес, цифрлық экономика, менеджмент және маркетинг, қаржы, сондай-ақ бухгалтерлік есеп және аудит салалары бойынша 500-ден астам бакалавр, магистр және PhD докторын даярлап шығарады.

Экономика және бизнес жоғары мектебі экономиканың заманауи салалары үшін мамандар даярлау сапасын жетілдіре отырып, білім беру, ғылыми және кәсіби қызметін жүйелі түрде дамытып келеді.

Менің ойымша, тәуелсіздіктің ең үлкен құндылықтарының бірі – өз еліміздің дамуына қажетті мамандарды ұлттық мүдде мен заманауи талаптарды ұштастыра отырып даярлау мүмкіндігі. Бүгінде қазақстандық жоғары оқу орындары жастарға сапалы білім беріп қана қоймай, олардың кәсіби қабілеттерін дамытуға, азаматтық жауапкершілігін қалыптастыруға және ел болашағына үлес қосатын тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етіп келеді.

Осы тұрғыдан алғанда, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің орны ерекше. Университетте білім беру мен ғылымды дамыту, халықаралық тәжірибені игеру және еңбек нарығының талаптарына жауап беретін мамандар даярлау бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Экономика және бизнес жоғары мектебінде де осы міндеттерге басымдық беріледі. Экономика, қаржы, менеджмент, маркетинг және есеп салаларында білім алып жатқан жастар болашақта еліміздің экономикалық дамуына, қаржы жүйесінің тұрақтылығына және кәсіпкерліктің өркендеуіне үлес қоса алады.

Қазіргі кезеңде экономикалық мамандарды даярлау тек теориялық білім берумен шектелмеуі керек. Жаһандану, цифрландыру және жасанды интеллектінің дамуы жаңа кәсіби құзыреттерді талап етеді. Сондықтан студенттердің талдамалық ойлауын, қаржылық сауаттылығын, зерттеушілік қабілетін және практикалық дағдыларын дамыту маңызды. Сонымен қатар ұлттық құндылықтарды құрметтеу, адалдық, жауапкершілік және қоғам мүддесіне қызмет ету сияқты қасиеттер де жас маманның кәсіби қалыптасуының ажырамас бөлігі болуы тиіс.

Білім беру сапасын арттыру – тек жоғары оқу орындарының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Оқытушылардың кәсіби ізденісі, ғылыми зерттеулердің дамуы, жұмыс берушілермен байланыс және халықаралық ынтымақтастық осы мақсатқа жетудің маңызды алғышарттары болып саналады. Ал жастарға сапалы білім беру арқылы біз еліміздің зияткерлік әлеуетін нығайтып, бәсекеге қабілетті экономика қалыптастыруға негіз қалаймыз.

Тәуелсіздік бізге өз болашағымызды өз қолымызбен қалыптастыруға мүмкіндік берді. Endігі міндет – сол мүмкіндікті тиімді пайдаланып, білімді, білікті, отаншыл және жауапты ұрпақ тәрбиелеу. Өйткені елдің тұрақты дамуы ең алдымен адами капиталдың сапасына байланысты. Ұлттық кадрларды даярлау мен сапалы білім беруге қосылған әрбір үлес – Қазақстанның жарқын болашағына қосылған үлес.

Біздің алға қойған мақсатымыз – еңбек нарығының заманауи талаптарына сай келетін, бәсекеге қабілетті, жоғары білікті және әлеуметтік жауапты мамандар даярлау.

**Сария БАЙМҰХАНОВА,**
*Қаржы және есеп кафедрасының доценті, э.ғ.д.*

# Халықаралық қоғамдастық алдындағы жауапкершілік

**Тәуелсіздік – ұлт тарихындағы ең ұлы құндылықтардың бірі ғана емес, халықтың өз тағдырын өзі айқындауға, дербес мемлекет құруға және болашағын еркін қалыптастыруға деген тарихи құқығының жүзеге асуы. Тәуелсіздікке негіз болған егемендік декларациясынан кейін, 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі жарияланған сәттен бастап халқымыздың сан ғасырлық азаттық мұраты нақты саяси-құқықтық шындыққа айналды. Бүгінде сол тарихи шешімге 35 жыл толып отыр. Тарих өлшемімен алғанда бұл – қас қағым сәт. Алайда осы уақыт ішінде Қазақстан халықаралық қоғамдастық мойындаған, өз мемлекеттік институттары, ұлттық заңнамасы және конституциялық даму жолы қалыптасқан егемен елге айналды.**

Заңгер ретінде тәуелсіздіктің 35 жылдық тарихына көз жүгірткенде, ең алдымен, мемлекеттіліктің құқықтық негіздерінің қалыптасуын ерекше атап өткен жөн. Өйткені тәуелсіздік тек мемлекеттік рәміздермен немесе халықаралық шекаралармен ғана өлшенбейді. Оның шынайы мазмұны – ел аумағында мемлекеттік биліктің дербес жүзеге асырылуы, ұлттық құқықтық жүйенің орнығуы, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуы және заң үстемдігінің қамтамасыз етілуі.

1991 жылғы 16 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заң ұлттық мемлекеттіліктің құқықтық іргетасын қалады. Бұл тарихи құжат Қазақстанның мемлекеттік егемендігін жариялап қана қоймай, оның аумақтық тұтастығын, дербес мемлекеттік билігін және халықаралық қатынастардағы тәуелсіздігін бекітті. Осылайша қазақ халқының азаттық жолындағы тарихи күресі халықаралық құқық субъектісі саналатын дербес мемлекеттің құрылуымен заңды жалғасын тапты.

Тәуелсіздік жылдарындағы аса маңызды жетістіктердің бірі – ұлттық конституционализмнің қалыптасуы. 1993 жылы тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясы қабылданса, 1995 жылғы Конституция мемлекеттің саяси-құқықтық институттарының дамуына ұзақ уақыт негіз болды. Ал 2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдум арқылы қабылданып, 1 шілдеден бастап күшіне енген жаңа Конституция еліміздің конституциялық дамуындағы жаңа кезеңді айқындады. Бұл тарихи эволюция Қазақстанның мемлекеттік құрылымы мен құқықтық жүйесінің қоғамдық сұраныстарға сәйкес жаңарып отырғанын көрсетеді.

Осы орайда, 35 жылдағы құқықтық дамуды тек қабылданған заңдар мен жүргізілген реформалардың санымен бағалау жеткіліксіз. Құқықтық мемлекеттің басты өлшемі – заңның үстемдігі, сот төрелігінің тәуелсіздігі, азаматтардың заң алдындағы теңдігі және мемлекеттік биліктің құқықпен шектелуі. Қазақстанда конституциялық бақылау институтының дамуы, әкімшілік әділет жүйесінің енгізілуі, адам құқықтарын қорғау тетіктерінің жетілдірілуі осы бағыттағы маңызды қадамдар болды. Әсіресе азамат пен мемлекеттік орган арасындағы дауларды сот арқылы шешудің жаңа құқықтық механизмдері мемлекеттік басқарудың адамға бағдарланған сипатын күшейтуге мүмкіндік берді.

Тәуелсіздіктің тағы бір іргелі жетістігі – Қазақстанның халықаралық құқықтың толыққанды субъектісіне айналуы. 1992 жылғы 2 наурызда еліміздің Біріккен Ұлттар Ұйымына қабылдануы егемендігіміздің халықаралық деңгейде мойындалғанын айғақтады. Мемлекеттік шекараларды халықаралық шарттар негізінде құқықтық тұрғыдан бекіту, көршілес мемлекеттермен дипломатиялық қатынастар орнату және көпжақты халықаралық ынтымақтастыққа қатысу ел қауіпсіздігінің берік құқықтық негізін қалыптастырды.



Қазақстанның ядролық қарудан өз еркімен бас тартуы да тәуелсіздік тарихындағы айрықша шешім болды. Бұл қадам халықаралық қауіпсіздік пен қарусыздану қағидаттарына адалдықты көрсетіп, еліміздің бейбіт сыртқы саяси бағытын әлемге танытты. Қазақстан осылайша егемендіктің тек ұлттық мүддені қорғау ғана емес, халықаралық қоғамдастық алдындағы жауапкершілік екенін дәлелдеді.

Отыз бес жыл ішінде еліміз нарықтық экономиканың құқықтық негіздерін қалыптастырып, жекеменшік институтын, кәсіпкерлік еркіндігін және инвестициялық қатынастарды құқықтық реттеу жүйесін дамытты. Ұлттық валюта – теңгенің енгізілуі, жаңа елорданың бой көтеруі, білім мен ғылым саласындағы өзгерістер, инфрақұрылымның жаңаруы тәуелсіз мемлекеттік саясаттың нақты нәтижелері. Алайда мұндай жетістіктердің орнықтылығы ең алдымен құқықтық кепілдіктерге байланысты. Себебі меншік құқығы қорғалмаған, шарттық міндеттемелер орындалмайтын, сот төрелігіне сенім әлсіз қоғамда тұрақты экономикалық даму болуы қиын.

Сонымен бірге тәуелсіздіктің 35 жылы тек жетістіктерден ғана құралған жоқ. Қоғам сынынан өткен күрделі кезеңдер, әлеуметтік теңсіздік, сыбайлас жемқорлық, мемлекеттік басқарудың тиімділігі мен әділ сот төрелігіне қатысты мәселелер құқықтық реформалардың үздіксіз жүргізілуі қажеттігін көрсетті. Өткен жолды шынайы бағалау – жетістіктерді дәріптеумен қатар, шешілмеген мәселелерді ашық мойындау. Өйткені дамыған мемлекеттің белгісі – қателіктің мүлдем болмауында емес, оны құқықтық және демократиялық институттар арқылы түзете алу қабілетінде.

Бүгінгі Қазақстан үшін «Заң мен тәртіп» қағидатының мәні де осында. Заң үстемдігі тек азаматтардың заңға бағынуымен шектелмеуге тиіс. Ең алдымен, мемлекеттің өзі құқық талаптарын мүлтіксіз сақтап, әрбір шешімінің заңдылығын қамтамасыз етуі қажет. Мемлекеттік органның өкілеттігі заңмен шектеліп, азаматтың құқығы нақты әрі тиімді қорғалған жағдайда ғана қоғамда әділеттілікке деген сенім орнығады.

Тәуелсіздіктің келесі кезеңіндегі басты міндеттердің бірі құқықтық мәдениеті жоғары, өзінің конституциялық құқықтарын білетін және қоғамдық жауапкершілікті терең сезінетін азаматтық қоғам қалыптастыру. Бұл ретте білім беру жүйесіне, әсіресе болашақ заңгерлерді даярлауға ерекше жауапкершілік жүктеледі. Себебі құқықтық мемлекеттің болашағы қабылданатын заңдардың сапасына ғана емес, сол заңдарды жүзеге асыратын мамандардың кәсіби біліктілігіне, адалдығына және әділеттілікке деген ұстанымына тікелей байланысты.

Тәуелсіздіктің 35 жылдығы өткенге есеп беріп, болашақ алдындағы жауапкершілікті терең сезінетін тарихи белес. Біз осы жылдар ішінде мемлекеттіліктің саяси, экономикалық және құқықтық негіздерін қалыптастырдық. Енді міндет – сол тәуелсіздіктің сапалық мазмұнын тереңдету, құқық үстемдігін қоғамдық өмірдің мызғымас қағидатына айналдыру. Өйткені тәуелсіздіктің ең биік мұраты – еркін мемлекетте құқықтары қорғалған, болашағына сенімді азаматтардың өмір сүруі.

**Қанат АЛИХАН,**
*Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымының магистрі*

# Мерекеге арналған дөңгелек үстел өтті

**ҚазҰУ-дың жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде әлемнің түрлі елдерінен келген шетелдік студенттер білім алады. Оларға қазақ және орыс тілдерімен қатар, Қазақстан тарихы мен елтану пәндері оқытылады.**

Жыл сайын факультетке әлемнің әр түкпірінен студенттердің келуі – ҚазҰУ-дың халықаралық білім кеңістігіндегі беделінің айқын көрсеткіші. Шетелдік жастар Қазақстаннан сапалы білім алып қана қоймай, жаңа мәдени ортада тәжірибе жинақтап, кәсіби және тұлғалық тұрғыдан дамуға мүмкіндік алады.

Республика күні қарсаңында Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының оқытушылары мерекеге арналған дөңгелек үстел ұйымдастырды. «Мен Қазақстан туралы не білемін?», «Қазақстан: тарих және қазіргі заман» тақырыптары аясындағы пікірталасқа Жапония, АҚШ, Қытай, Оңтүстік Корея және Венгриядан келген шетелдік студенттер қатысты.

Дөңгелек үстел барысында студенттер Қазақстан туралы өз ойларын ортаға салып, алғашқы әсерімен бөлісті. Олар Алматы қаласы, университет өмірі, оқу үдерісі, сондай-ақ қазақстандық студенттермен қарым-қатынасы туралы әңгімеледі. Мұндай іс-шаралардың тәрбиелік әрі танымдық мәні зор. Себебі шетелдік студенттер Қазақстанды тек дәріс аудиториясында ғана емес, күнделікті өмір, мәдени іс-шаралар, тарихи орындарға саяхат және адамдармен қарым-қатынас арқылы тереңірек тани түседі. Олар қазақ және орыс тілдерін меңгеріп, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысады, студенттік ғылыми конференцияларға, тілдік олимпиадаларға және түрлі мәдени-ағартушылық шараларға қатысады. Қазақстан тарихына, ұлттық мәдениетке және дәстүрге деген қызығушылық олардың елдің тарихи-мәдени орындарына экскурсия жасауына, ұлттық мерекелерге қатысуына, қазақстандық жастармен достық қарым-қатынас орнатуына мүмкіндік береді. Осылайша университет қабырғасында білім беру ісі мен рухани-мәдени өмір бір арнада тоғысып, өзара түсіністік пен халықаралық достықтың берік көпірі қалыптасады.



Бүгінде білім – ел мен халықты жақындастыратын қуатты күш. Ал университет – сол байланысты жүзеге асыратын маңызды орта. ҚазҰУ-да білім алып жатқан шетелдік студенттердің әрқайсысы Қазақстан туралы өзіндік әсер қалыптастырып, оны өз елінде таныстыратын жаңа буын елшілеріне айналады.

**Айгүл ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ,**
*Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының қауымдастырылған профессоры*

# Арабтану тарихи мұраны танудың маңызды құралына айналды

**Қазақстан тәуелсіздігінің 35 жылдығы – еліміздің тарихи жетістіктерін саралап, ғылым мен білімнің дамуына жаңа көзқараспен қарайтын маңызды белес. Егемендік жылдарында Қазақстан әлемдік қауымдастықтың толыққанды мүшесіне айналып, халықаралық саяси, экономикалық және мәдени байланыстарын кеңейтті. Бұл үдерісте шығыс тілдерін меңгерген, Шығыс елдерінің тарихы мен мәдениетін терең білетін мамандар даярлау стратегиялық маңызға ие болды. Осы міндетті жүзеге асыруда Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың шығыстану факультетіндегі арабтану мектебі айрықша орын алады.**



Қазақстандағы кәсіби арабтанудың қалыптасу тарихы 1977 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінде араб бөлімінің ашылуынан басталады. Оның негізін қалаған көрнекті шығыстанушы ғалым, академик Әбсаттар Дербісәлі ұлттық арабтану мектебінің қалыптасуына зор еңбек сіңірді. Кейін бұл бастама Шығыс филологиясы кафедрасының, одан әрі дербес шығыстану факультетінің құрылуына ұласты. Арабтану мектебінің дамуына профессорлар Мәрзия Мәженова, Гүлжан Рамазанова, Клара Тәжікова, Гүлнар Надирова және басқа да ғалым-ұстаздар елеулі үлес қосты. Олардың еңбегімен қалыптасқан ғылыми-педагогикалық дәстүр кейінгі буын мамандардың кәсіби қалыптасуына берік негіз болды.

Тәуелсіздік Қазақстан арабтануының дамуына тың серпін берді. Еліміздің араб мемлекеттерімен дипломатиялық қарым-қатынастар орнатуы, халықаралық ынтымақтастықтың кеңеюі араб тілін меңгерген білікті мамандарға деген сұранысты арттырды. Осы кезеңде арабтану бөлімінің білім беру бағдарламалары жетілдіріліп, тілдік дайындықпен қатар, әдебиеттану, аударматану, тарих, мәдениетаралық коммуникация және аймақтану бағыттарына ерекше көңіл бөлінді. Бүгінде бөлім түлектері дипломатиялық қызметте, мемлекеттік мекемелерде, жоғары оқу орындарында, халықаралық ұйымдар мен іскерлік құрылымдарда еңбек етіп, Қазақстанның араб әлемімен байланыстарын дамытуға үлес қосып келеді.

Тәуелсіздік жылдарындағы маңызды жетістіктердің бірі – арабтанудың ғылыми-зерттеу әлеуетінің артуы. Арабтанудың өзгеруі тек зерттеу тақырыптарының жаңаруымен шектелмейді. Оның Қазақстан қоғамындағы орны мен қызметі кеңейді. Біріншіден, арабтану ұлттық тарихи мұраны танудың маңызды құралына айналды. Тәуелсіздік жылдарындағы зерттеулер ұлттық тарихты жаңаша пайымдау, тарихи жадыны жаңғырту және Қазақстанның әлемдік өркениеттегі орнын айқындау міндеттерімен тығыз байланыстырыла бастады. Екіншіден, арабтану білім беру саласынан мемлекеттің халықаралық қатынастарына қызмет ететін маңызды ресурсқа айналды. Бұрын мамандар негізінен кеңестік жүйенің қажеттіліктеріне сай даярланса, тәуелсіздік жылдарында Қазақстанның өз дипломатиялық корпусы қалыптасты. ҚазҰУ арабтану бөлімінің түлектері Сыртқы істер министрлігінде және шетелдегі дипломатиялық өкілдіктерде қызмет атқара бастады. Үшіншіден, арабтанудағы ғылыми бастамалардың дербестігі артты. Қазіргі кезде ғалымдар халықаралық әріптестермен тікелей байланыс орнатып, бірлескен жобаларға қатысуға және зерттеулерін халықаралық журналдарда жариялауға мүмкіндік алды. Сонымен қатар бүгінгі арабтану тек араб әлемін сырттан зерттеумен шектелмей, Қазақстан мен араб әлемінің өзара тарихи, мәдени және зияткерлік ықпалдастығын зерттеуге көбірек көңіл бөледі.

Тәуелсіздік жылдарында арабтанудың дамуында сапалық өзгерістер орын алды. Ең алдымен оның қоғамдық маңызы артып, Қазақстанның дербес сыртқы саясаты мен халықаралық ынтымақтастығын қамтамасыз ететін маңызды білім саласына айналды. Сонымен қатар арабтанудың ғылыми басымдықтары ұлттық тарихты жаңаша пайымдау, араб тіліндегі жазба деректер арқылы қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасын зерттеу, Шығыс пен Батыс арасындағы мәдени және зияткерлік байланыстарды зерделеу бағыттарымен толықты. Халықаралық академиялық байланыстар кеңейіп, қазақстандық арабтанушылар әлемдік ғылыми кеңістікке белсенді кіріге бастады.

> **Қазақстан тәуелсіздігінің 35 жылында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың арабтану мектебі кәсіби мамандар даярлайтын білім беру ортасынан өзіндік ғылыми дәстүрі, халықаралық байланыстары және жаңа зерттеу бағыттары қалыптасқан академиялық мектепке айналды. Оның басты жетістігі – бірнеше буын арабтанушы ғалымдар мен мамандарды тәрбиелеп қана қоймай, ұлттық ғылыми мұраны зерттеуді әлемдік академиялық үдерістермен сабақтастыра білуінде.**

Осылайша тәуелсіздік жылдарындағы арабтанудың басты ерекшелігі оның дәстүрлі филологиялық және тарихи зерттеулер аясынан шығып, ұлттық мүддеге, халықаралық ынтымақтастыққа және заманауи ғылыми ізденістерге қызмет ететін көпқырлы академиялық бағыт ретінде дамуы болды.

Отандық арабтанудың ұлттық тарих ғылымымен сабақтастығын көрсететін маңызды бастамалардың бірі – классикалық дәстүрдің сақталуы. Араб тіліндегі ортағасырлық жазба мұраларды тануға, Алтын Орда тарихына қатысты тың деректерді ғылыми айналымға енгізуге бағытталған зерттеулер арабтанудың Қазақстанның төл тарихын танудағы маңызын айқындай түседі. Кафедраның ғылыми әлеуеті жаңа буын зерттеушілердің қалыптасуынан да көрініс табуда. Соңғы жылдары дайындалып, қорғауға ұсынылған докторлық диссертациялар тақырыптық және әдіснамалық тұрғыдан ерекшеленеді. Әйгерім Жұмаділованың қазіргі араб әдебиетіндегі ұлттық сананың жаңғыруы мен бірегейлік мәселелерін Мысыр, Алжир және Палестина әдебиеті негізінде зерттеуі, Раушан Қожабекованың Абай мен Ахмед Шауқи поэзиясын салыстырмалы-герменевтикалық тұрғыдан талдауы әдебиеттанулық зерттеулердің жаңа бағыттарын көрсетеді. Сонымен қатар Қалауш Жетпісбаеваның шығыс тіліндегі мәдени концептілердің вербалды репрезентациясына арналған зерттеуі мәдени лингвистика әдіснамасының қолданылу аясын кеңейтеді. Нұралы Қайранбаевтың Біріккен Араб Әмірліктеріндегі жоғары білім мен ғылым жүйесінің дамуын зерттеуі кафедрадағы қазіргі аймақтанулық ізденістердің маңызды бағытын танытады.

Ғылыми жетістіктердің тағы бір көрсеткіші – кафедра зерттеушілерінің халықаралық ғылыми жарияланымдары. Соңғы жылдары оқытушылар мен докторанттардың Scopus дерекқорында индекстелетін журналдарда мақалалар жариялауы отандық шығыстанудың халықаралық академиялық кеңістікке енуіне ықпал етуде. Бұл жарияланымдарда қазақ және араб әдебиеттерінің өзара байланысы, ұлттық бірегейлік пен мәдени ықпалдастықтың өзекті мәселелері қарастырылған. Халықаралық жарияланымдар кафедра ғалымдарының зерттеулерін әлемдік ғылыми қауымдастыққа танытуға жол ашады.

Тәуелсіздік жылдарында арабтанудың халықаралық ынтымақтастығы да жаңа деңгейге көтерілді. Бұл бағытта Сауд Арабиясы Корольдігінің Король Салман атындағы Халықаралық араб тілі академиясымен орнатылған әріптестіктің маңызы ерекше. 2024 жылы академия мен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ арасында қол қойылған меморандум бірлескен ғылыми-білім беру бастамаларына негіз қалады. Ынтымақтастық негізінде араб тілін оқытудың заманауи әдістерін жетілдіру, электрондық сөздіктер мен лингвистикалық корпустар әзірлеу, араб қолжазбаларын зерттеу және академиялық тәжірибе алмасу бағыттарындағы жұмыстар жүргізілуде. Осы әріптестіктің нәтижесінде 2025 жылғы мамыр айында университетте араб тілінің 25 оқытушысы мен 30 студентіне арналған халықаралық әдістемелік семинар-тренинг ұйымдастырылды. Ал сол жылдың қазан айында Қазақстанда алғаш рет өткізілген «Араб тілі айы» халықаралық мәдени-білім беру жобасы университеттің халықаралық ынтымақтастық аясын одан әрі кеңейтті. Бұл бастамалар арабтану саласындағы ғылыми-әдістемелік тәжірибе алмасуға және Қазақстандағы араб тілін оқытудың сапасын арттыруға маңызды мүмкіндік берді.

Бүгінде арабтану мектебінің алдында жаңа міндеттер тұр. Цифрлық гуманитаристика, лингвистикалық корпустар, жасанды интеллект технологиялары, пәнаралық зерттеулер мен халықаралық ғылыми жобаларға қатысу – отандық арабтанудың болашақ дамуының басым бағыттары. Бұл ретте университеттегі көпжылдық академиялық дәстүрді жаңа ғылыми әдіснамалармен ұштастыру, жас ғалымдарды қолдау және зерттеу нәтижелерін халықаралық деңгейде таныту ерекше маңызға ие.

Қазақстан тәуелсіздігінің 35 жылында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың арабтану мектебі кәсіби мамандар даярлайтын білім беру ортасынан өзіндік ғылыми дәстүрі, халықаралық байланыстары және жаңа зерттеу бағыттары қалыптасқан академиялық мектепке айналды. Оның басты жетістігі – бірнеше буын арабтанушы ғалымдар мен мамандарды тәрбиелеп қана қоймай, ұлттық ғылыми мұраны зерттеуді әлемдік академиялық үдерістермен сабақтастыра білуінде.

Тәуелсіздік – ұлттық ғылымның еркін дамуына жол ашқан тарихи мүмкіндік. Ал сол мүмкіндікті ғылыми жаңалықтарға, білім мен халықаралық ынтымақтастыққа айналдыру – университет ғалымдарының еңбегі мен жауапкершілігінің нәтижесі. Бүгінде Қазақстан арабтануының алдында өткеннің құнды мұрасын сақтай отырып, жаңа ғылыми көкжиектерді игеру міндеті тұр. Бұл жолда ҚазҰУ-дың арабтану мектебі еліміздің зияткерлік әлеуетін арттыруға және Қазақстан ғылымын әлемдік кеңістікте танытуға қызмет ете бермек.

**Баян ЖҰБАТОВА,**
*филол.ғ.д., қауымдастырылған профессор, ҚазҰУ Арабтану орталығының директоры*

# Кәсіби қалыптасуға оң ықпал етеді




**Университетте алған білімді ғылыми зертханадағы тәжірибемен ұштастыру – болашақ маманның кәсіби қалыптасуындағы маңызды қадам. Осы мақсатта Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың химия және химиялық технология факультетіндегі «Химия» білім беру бағдарламасының 4-курс студенттері Ядролық физика институтында өткен Ашық есік күніне қатысты.**

Іс-шараға Физикалық химия, катализ және мұнайхимиясы кафедрасының меңгерушісі Г.Ерғазиеваның қолдауымен кафедра оқытушылары Г.Сүлейменова және М.Мәмбетова да студенттермен бірге барып қатысты. Кездесу институттың Радиациялық физика және қатты дене бөлімінің басшысы Ч.Дауылбаевтың ұйымдастыруымен өтті.

Ашық есік күнінің мақсаты – студенттерді заманауи ғылыми зерттеулер, озық зертханалық жабдықтар және Қазақстандағы ядролық физика мен материалтану салаларының өзекті бағыттарымен таныстыру. Әсіресе болашақ химиктер үшін материалдардың құрамы, құрылымы мен қасиеттерін зерттеудің пәнаралық сипатын түсіну маңызды. Материалтану физика мен химияны тоғыстырып, материалдардың химиялық, жылулық, электрлік және басқа да қасиеттерін зерттеуді қамтиды.

Ядролық физика институтында іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізіліп, ядролық технологиялар, радиациялық қауіпсіздік, материалтану және үдеткіш техникасы бағыттары дамытылуда. Институттың ғылыми қызметімен танысу студенттерге зерттеу жұмыстарының мазмұнын және олардың практикалық міндеттерді шешудегі маңызын жақынырақ түсінуге мүмкіндік берді.

Экскурсия барысында қатысушылар ионды-плазмалық технологиялар, қолданбалы және теориялық материалтану, ядролық гамма-резонанстық спектроскопия, сондай-ақ электрохимиялық түрлендіру және энергияны сақтау зертханаларының жұмысымен танысты. Зертхана мамандары жүргізіліп жатқан ғылыми жұмыстар, қолданылатын талдау әдістері, перспективалы материалдар мен технологиялық шешімдер туралы жан-жақты ақпарат берді.

Іс-шара Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұрақты даму мақсаттарының 8-ші мақсаты – «Лайықты жұмыс және экономикалық өсу» бағытымен үндеседі. Мұндай кездесулер студенттердің кәсіби құзыреттерін дамытуға, еңбек нарығындағы мүмкіндіктерін кеңейтуге және ғылымды қажетсінетін салаларда бәсекеге қабілетті маман ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Институт ғалымдары болашақ түлектерді ғылыми жобаларға белсенді қатысып, отандық ғылым мен Қазақстанның инновациялық экономикасының дамуына үлес қосуға шақырды.

**Еңлік ҮСІПБЕКОВА,**
*Физикалық химия, катализ және мұнайхимия кафедрасының ассистент-профессоры*



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

«QAZAQ UNIVERSITETI»

ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ
Газетке жазылу индексі: 64787

- «Qazaq universiteti» газеті – 80 жылға жуық тарихы бар іргелі басылым.
- Газет 2022 жылдың қаңтар айынан республика көлемінде таратылады.
- Басылымда елдегі және университеттегі айтулы жаңалықтар қамтылады.
- «Qazaq universiteti» газетіне жазылып, өз мақалаңызды ұсынуға сіздің де мүмкіндігіңіз бар.
- «Qazaq universiteti» газетіне университет аумағында Kaspi.kz және Halyk bank QR қосымшасы арқылы жазыла аласыз.
- Halyk bank қосымшасы арқылы төлем жасау үшін QR-кодты суретке түсіріп, белгілеу (назначение) бөлімінен «Qazaq universiteti» газетіне жазылу» деген бөлікті толтыру керек.
- Ал республика көлеміндегі оқырмандар үшін «Қазпошта» АҚ-ның барлық бөлімшелері қызмет көрсетеді.

«ҚАЗПОШТА» АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

| | қала | | ауыл/аудан |
|---|---|---|---|
| 1 жылға | жеке тұлға | заңды тұлға | |
| | 4930,32 теңге | 8166,80 теңге | 4930,32 теңге |

Ғылым және жоғары білім саласындағы жаңалықтармен танысқыңыз келсе,
«QAZAQ UNIVERSITETI»
газетіне жазылуды ұмытпаңыз!

Тарату бөлімінің байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 3227, 3228

# Айбек әлем чемпионы атанды

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенті Айбек Айтбеков грек-рим күресінен 23 жасқа дейінгі (U23) әлем чемпионатында топ жарып, алтын медаль жеңіп алды. Әлем біріншілігі АҚШ-тың Лас-Вегас қаласында өтті.**


Жас дарын 60 келіге дейінгі салмақ дәрежесінің финалында қазіргі әлем чемпионы – әзірбайжандық Эльмир Алиевпен белдесіп, 13:4 есебімен айқын басымдықпен жеңіске жетті. Финалға апарар жолда Айбек грузин балуаны Гиорги Кочалидзені (9:5), ресейлік Алибек Амировты (9:0), жапониялық Сэйма Токухараны (7:3) және жартылай финалда украиналық Евгений Поковбаны (5:4) тізе бүктірді.

ҚазҰУ-дың медицина және денсаулық сақтау факультеті «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 1-курс студенті бұл биік белесті абыроймен бағындырды.

Әлем чемпионатындағы жеңіс – жас балуан үшін биылғы табысты маусымның заңды жалғасы. Айбек Айтбеков үстіміздегі жылдың мамыр айында Вьетнамның Дананг қаласында өткен U23 Азия чемпионатында да қарсылас шыдатпай, құрлық чемпионы атанған болатын.

Бүгінде отандық грек-рим күресінің ең перспективалы өкілдерінің бірі саналатын спортшы 23 жасқа дейінгі Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері Нұржан Насановтың жетекшілігімен шыңдалып келеді. Мамандардың айтуынша, Айбек – алдағы 2028 жылғы Лос-Анджелес Олимпиада ойындарына негізгі үміткерлердің бірі.

**Гүл ҚҰТТЫБЕККЫЗЫ**




ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры
**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры
**Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ**

**Бас редактор:** Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
**Жауапты хатшы-дизайнер:** Талғат КІРШІБАЕВ
**Тілшілер:** Қайыржан ТӨРЕЖАН, Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ
**Корректор:** Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:
- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: **kaznugazeta@gmail.com**
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Алматы-Болашақ» АҚ баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Қайыржан ТӨРЕЖАН

Бағасы келісім бойынша.
**Газетке жазылу индексі: 64787**
Таралымы – 2000
Тапсырыс №2430

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген